22779491427

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 16 мамыр №4712-25-00-2/879 ісі Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
сот отырысының хатшысы А.А.Жауханованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық іс қаралды:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысы әкімдігінің Іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SantehFittiPartners» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Келісім-шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері Е.Т.Турсунгалиев, О.И.Жумагулыев
Жауапкер өкілі Б.Қ.Жақашбай
Прокурор Б.А.Сарсенгалиев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Маңғыстау облысы әкімдігінің Іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «SantehFittiPartners» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 9 қазан 2024 жылы №240304/00 санды «Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім-шарт (бұдан әрі-Шарт) жасақтаған.

Шарттың жалпы сомасы 8 834 820,96 теңгені құрайды.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, міндеттемелерді толық орындау мерзімі Шарт аумақтық қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап күнтізбелік 90 күн ішінде. Шарт аумақтық қазынашылықта 9 қазан 2024

жылы тіркелген. Яғни жұмыстың орындалу мерзімі- 2024 жылғы 27 желтоқсан.

Шарттың техникалық сипаттамасы бойынша ғимаратқа орнатылатын есіктердің материалы «Шпон» деп көрсетілген, яғни ағашының мықтылығымен пайдалану мерзімінің ұзақтығы қарастырылған.

Жауапкермен Шарттың техникалық сипаттамасы және жобалау-сметалық құжаттамасы бойынша 182 есік және 5 темір есік орнатылу көзделген.

Алайда, есіктер Шартта көрсетілген техникалық талаптарға сай емес, яғни сапасы жағынан өте төмен дәрежеде, ағаш үгінділерінің жиынтығының нығыздалып жасалған түрі орнатылған жалпы саны 109 есік және жұмсақ қаңылтырдан жасалған 1 (бір) темір есік орнатылған.

Талап қоюшы Жауапкер техникалық ерекшелікте көзделген жұмыстарды сапалы түрде орындамағаны, Шартпен белгіленген есіктер саны толық орнатылмағанын, оған сәйкес 2024 жылғы 9 желтоқсанда №01-03-475 санды тиісті материалдарды пайдалана отырып, білікті мамандары жұмысқа тарту туралы хат жолданғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы және келісім-шартты бұзу туралы талап қою келтірген.

Сот отырысына талап қоюшы өкілдері талапты қолдап, толықтай қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, қарсы пікірін ұсынып, онда жауапкер өз міндеттемелерін орындағаны, талап қоюшының мекен-жайына 187 дана есік толығымен жеткізіліп, шарт бойынша тапсырыс берушінің нақты көрсеткен жерлеріне орнатылғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қою арызы ішінара қанағаттандырылуға жатады деп қорытындысын берді.

Сот тараптар өкілдерінің түсініктемелерін тыңдап, прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерттеп, төмендегідей қорытындыға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4,5 тармақтарына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 23.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Бекболатов А. Т., 05.08.2025
4712-25-3-6/112

күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Шарттың 9.1 тармағында Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2024 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Іс құжаттарынан анықталғаны, талап қоюшы мен жауапкер арасында жалпы сомасы 8 834 820, 96 теңгеге 9 қазан 2024 жылы «Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» №240304/00 санды Шарт жасақталған. Шарт талаптары бойынша аумақтық қазынашылықта тіркелген күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде, яғни 9 қазан 2024 жылы аумақтық Қазынашылықта тіркелген болса, ғимарат ішінде жұмыс бөлмелерімен дәліздеріне есіктерді құру (монтаждау) жұмыстарын сапалы және уақытылы орындап 27 желтоқсан 2024 жылы тапсыруы тиіс болған.

Алайда, Жауапкер «SantehFittiPartners» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан техникалық ерекшелікке және сметалық құжаттамаға сай жұмыстар жүргізілмегені анықталды.

Сметалық құжаттамада 182 дана есік орнатылуы тиіс болғанымен, жауапкер тарапынан іс жүзінде 109 есік орнатылған. Яғни 73 есік орнатылмаған. Сондай-ақ, сметалық құжаттамада 5 темір есік орнату көзделсе, жауапкер тарапынан іс жүзінде 1 темір есік орнатылған. Яғни қалған 4 темір есікті орнатпаған. Бұл мән-жай іс материалдарына тіркелген 2025 жылғы 9 сәуірдегі тексеру барысында анықталған кемшіліктер бойынша қорытындысындада көрсетілген.

Талап қоюшымен ағаш есіктер бойынша жергілікті сметаға сәйкес жүргізілген есеп негізді деп санайды: Көлемі = 1,2 метр (есіктің ені, яғни 60 см екі есіктің ені) × 2,0 (есіктің биіктігі) × 9,0 (есіктің саны, яғни 60 см есіктің жалпы саны 2 × 9 = 18 дана) +1,4 (70 см есіктің ені, яғни 70 см екі есіктің ені) × 2,0 (есіктің биіктігі) × 18,0 (есіктің саны, яғни 70 см есіктің жалпы саны 18 × 2 = 36 дана) + 1,6 (80 см екі есіктің ені) × 2,0 (есіктің биіктігі) × 8,0 (есіктің саны, 80 см есіктің жалпы саны 8 × 2 = 16 дана) + 0,7 (70 см есіктің ені) × 2,0 (есіктің биіктігі) х 10 (есіктің саны 10 дана) + 0,8 (80 см есіктің ені) х 2,0 (есіктің биіктігі) х 88,0 (есіктің саны 88 дана) + 0,9 (90 см есіктің ені) × 2,0 (есіктің биіктігі) х 14,0 (есіктің саны 14 дана). Осылайша,

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 23.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Бекболатов А. Т., 05.08.2025
4712-25-3-6/112

барлық есіктердің жалпы саны 18 дана + 36 дана + 16 дана + 10 дана + 88 дана + 14 дана = 182 дана құрайды.

Есік тұтқасы бойынша есеп, яғни көлемі = 2,0 (екіге ашылатын есіктің 2 дана тұтқасы) х 9,0 (тұтқанын жалпы саны 9 х 2= 18 дана) + 2,0 (екіге ашылатын есіктің 2 дана тұтқасы) х 18,0 (тұтқанын жалпы саны 18 х 2= 36 дана) + 2,0 (екіге ашылатын есіктің 2 дана тұтқасы) х 8,0 (тұтқанын жалпы саны 8 х 2= 16 дана) + 10 (тұтқанын саны 10 дана) + 88,0 (тұтқанын саны 88 дана) + 14,0 (тұтканын саны 14 дана). Осылайша, барлық есіктердің тұткалар саны 18 дана + 36 дана + 16 дана +10 дана + 88 дана + 14 дана = 182 дана.

Есік топсасы бойынша есеп, яғни көлемі = 18,0 (топсанын саны 18 дана) х 3,0 (бір есікке кететін топса саны 3 дана, топсанын жалпы саны 18 х 3 = 54 дана) + 36,0 (топсанын саны 36 дана) × 3,0 (бір есікке кететін топса саны 3 дана, топсанын жалпы саны 36 х 3 = 108 дана) + 16,0 (топсанын саны 16 дана) х 3,0 (бір есікке кететін топса саны 3 дана, топсанын жалпы саны 16 х 3 = 48 дана) + 10,0 (топсанын саны 10 дана) х 3,0 (бір есікке кететін топса саны 3 дана, топсанын жалпы саны 10 х 3 = 30 дана) + 88,0 (топсанын саны 88 дана) х 3,0 (бір есікке кететін топса саны 3 дана, топсанын жалпы саны 88 х 3 = 264 дана) + 14,0 (топсанын саны 14 дана) х 3,0 (бір есікке кететін топса саны 3 дана, топсанын жалпы саны 14 х 3 = 42 дана). Осылайша, барлық есік топсалардын саны 54 дана + 108 дана + 48 дана + 30 дана + 264 дана + 42 дана = 546 дана.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272 және 277-баптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Яғни Жауапкер міндеттемесін тиісті түрде орындамаған.

Сот Жауапкермен орнатылған 109 есік және 1 темір есік сметалық құжаттамаға сай емес, яғни жұмыстар сапалы жасалмады деген уәжіне сыни көзқараспен қарайды, өйткені бұл жөнінде ешқандай дәлелдемелері жоқ екендігін негізге алады. Атап айтқанда маманның қорытындысы қажет болып табылады.

АПК-ның 15, 72 және 73-баптарына сәйкес, сот істің мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған. Әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Сондай-ақ Жауапкер сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді.

ҚР-ның АПК-нің 6-бабының 5-тармағына сай, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 23.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Бекболатов А. Т., 05.08.2025

көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшем шарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Сондықтан, сот әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшем шарттарын негізге ала отырып, талап қоюшының мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды. Ал келісім-шартты бұзу талабы сотқа дейінгі дауды реттеу тәртібі сақталмағандықтан қараусыз қалдырылуға жатады.

ҚР-ның АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Маңғыстау облысы әкімдігінің Іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SantehFittiPartners» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «SantehFittiPartners» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат беруге құқылы.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 23.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Бекболатов А. Т., 05.08.2025
4712-25-3-6/112